



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Ролан Барт
«Шығармадан мәтінге дейін»



Дәрістің мақсаты: Ролан Барттың «Шығармадан мәтінге дейін» атты шығармасымен танысу.

Кілт сөздер: шығарма, мәтін, мағына.

Әдетте зерттеушілер Ролан Барт шығармашылығын үш кезеңге бөледі: структурализмге дейінгі кезең (50-жылдар), структурализм кезеңі (60-жылдар), постструктуралистік және постмодернистік кезең (70-жылдар).

Р. Барт аталған еңбегін 1971 жылы жазды, ол оның шығармашылығының соңғы үшінші кезеңіне жатады. Бұл кезең, ең алдымен, оның ерекше көңіл бөліп, негізгі зерттеу аймағына айналған, мәтін мен жазу мәселесін түсінуіне әсер етті. Барт «жазу-мәтін», «оқу-жазу» және «мәтіндік талдау» терминдерін пайдаланады. Себебі жазудың нәтижесі – дәстүрлі шығармадан түбегейлі ерекшеленетін мәтін болып табылады.

Барт үшін «шығарма» ескірген ньютондық түсінік, ал «мәтін» заманауи эйнштейндік түсінік болып көрінеді. Алғашқысы, әдетте қолға алатын кітаппен анықталатын, дайын және аяқталған нәрсе ретінде көрініс табады. Ал мәтінде эмпирикалық шындық жоқ, ол негізінен әдіснамалық рөл атқарады.

Негізгі бөлім

Алдымен Р. Барттың тұжырымдамасы: «шығарманың мәтіннен айырмашылығы» туралы түсінігін қарастырайық. Р. Барт өз эссесінде қазіргі заманғы ғылым саласындағы зерттеулер әртүрлі пәндердің өзара байланысы, тоғысуы негізінде жүргізілуі тиіс деп мәлімдейді. Ол: «Эйнштейн ілімі зерттелуші объектінің құрамына санау жүйесінің шарттылығын енгізуді талап ететіні секілді, әдебиетте де марксизм, фрейдизм мен структурализмнің біріккен ықпалы скриптор, оқырман мен бақылаушының қарым-қатынасына салыстырмалылық принципін енгізуге мәжбүрлейді. Шығармаға Ньютонша ойланатын дәстүрлі түсінікке қарама-қарсы – қозғалудың және бұрынғы категориялардың түрленуінің арқасында пайда болатын жаңа объектіге деген сұраныс туады. Мәтін сондай объекті болып табылады, – дейді.

Барт назарды құрылымның семиологиясынан құрылымдау семиологиясына аударады. Бұл жұмыстың негізгі категориясы, ол шығармаға қарсы қойылатын «мәтін» түсінігі болып табылады.

Р. Барт «Мәтін» және «шығарма» ұғымдарының арасындағы айырмашылықты түбегейлі түрде айқындайды.

Барттың семиотикалық логикасына сәйкес, шығарма мәтінге «заттық фрагмент» ретінде, мысалы, алақанға сиып кететін немесе кітап сөрелері мен кітап дүкендерінде орналасқан затты «әдіснамалық әрекеттер алаңына», яғни тілден орын алатын, тек дискурста ғана көрініс табатын нәрсеге қарама қарсы қойылады. Көрнекті, айқын шығармаға қарағанда, мәтін «арнайы ережелер арқылы айтылады/мазмұндалады және дәлелденеді».

Барт бұл жайлы: «Айырмашылық мынада: шығарма деген кітаби кеңістіктің белгілі бір бөлігін алатын заттық фрагмент, ал мәтін – әдістемелік әрекеттердің алаңы...

Шығарма қолға сыйып кетеді, мәтін тілден орын алады, тек қана дискурста бар. Мәтін – шығарманың ыдырауының өнімі емес, керісінше, шығарма – мәтіннің ізінен созылып жататын қиялдағының шлейфі. Болмаса мәтін тек қана жұмыс, өндіріс процесінде сезіледі. Бұдан шығатыны, мәтін қозғалыссыз қатып қала алмайды (мысалы, кітап сөресінде), ол болмысынан әлденені, мысалы, шығарманы немесе бірнеше шығармаларды кесіп өтіп қозғалуы керек», – деп жазады.

Барт шығарма мәнін анықтау үшін «табиғи түрде өсіп-өніп, көбейетін, дамиды» ағза метафорасын қолданса, ал мәтінге – тор метафорасын қолданады. Онда мәтін өспейді, бірақ ол, комбинаторлар мен элементтердің жүйелі түрде реттелуі мен қиыстырылуының арқасында тарайды.



Шығарманы мәтінге айналдыру оған басқалармен өзара қарым-қатынас жасап, әркез контекстер мен мағыналарды өзгертуге немесе байытуына мүмкіндік береді. Р. Барт мәтін сөзінің этимологиялық мағынасына аса назар аударады (text сөзі латынның *textum* – «ткань, біріктіру» дегенді білдіреді). Мәтінді матамен салыстыру, яғни шығарманы жасау процесін, тоқыма процесімен салыстыру, Барт метафорасына сай келеді.

Барттың айтуынша: Мәтінге көптілік тән. Бұл дегеніңіз – онда бірнеше мағына ғана емес, онда мағынаның – жай ғана мүмкін емес, жоюға болмайтын – көптігі іске асады дегенді білдіреді. Мәтін оларды кесіп өтеді, олар арқылы өтеді; сондықтан, ол тіпті плюралистік түсіндіруге көнбейді, онда жарылыс, мағынаның шашырауы орын алады. Шынында да, мәтіннің көптілігі оның мазмұнының екіұштылығынан емес, ол түзілетін мағыналардың кеңістіктегі көп-түрлілігінен шығады.

«Мәтін шығармаға өзінің көпқырлы, ерекше текстурасымен қарсы тұрады, бұл оқу барысында терең өзгерістерге әкелуі мүмкін...», – деп жазады Барт. Мәтін қандайда бір «шарттылықтан» тұрмайды. Шығарманың шындыққа «шарттылығы», шығармалардың бір-біріне еруі, әрқайсысының өз авторына тиістілігі, аксиома ретінде қабылданады. Мәтін әрдайым «пародоксальды». Ол ешқандай дәстүрге бағынбайды, кез келген жанрлық құрылымға сәйкес келмейді, ешбір иерархияға, тіпті әдеттегі классификацияға енуге көнбейді.

Шығарма жалпы белгі ретінде қызмет етеді, белгілі бір мағыналаушыға саяды, сонда тұйықталады, ол ішінара символикалық, бірақ оның символикасы жылдам жоққа шығарылады және шығарма жеңіл оқу және талдау нысанына айналады. Бұл мағыналаушыға маңыздылықтың екі түрін телуге болады: не біз оны айқын көрініс деп санаймыз және олай болса, шығарма тура мағыналар жайлы ғылымның объектісі болады; болмаса біз оны құпия, терең, іздеуге лайықты деп санаймыз да, онда шығарма герменевтика, марксистік, психоаналитикалық, тақырыптық, т.б. талдауларға есік ашады.

Мәтін өзінің белгіге қатысы арқылы танылып, ұғынылады. Мәтін керісінше, мағыналаушыдан алшақ кетеді, ол мағыналаушының аясында жұмыс істейді және ол түбегейлі радикалды болып табылады. Мәтін тіл сияқты ашық жүйені білдіреді; тілдегі сияқты, онда да құрылым бар, бірақ, біріктіретін орталық не шегара жоқ. Алайда мәтінде грамматика жоқ, ол туралы ғылым болмайды. Шығармаға сызықтық/желілік, құрылыстың қайтымсыздығы, хронологиялық немесе өзге де даму бірізділігі тән. Мәтіннің қандай да бір бастауы, ортасы және бағыты жоқ және ол «стереофондық» және «стереографиялық көрсеткіштердің көптүрлілігі» ретінде көрініс табады.

Мәтінге бірегейлік пен көптілік тән.

Р. Барттың интертекстуальділік жайлы беретін түсінігі

«Интертекстуальділік» термині постструктурализмнің терминологиялық қорына терең енді. Дегенмен оны пайдаланудың басымдылығы Юлия Кристеваға тиесілі. Р. Барт оған өзіндік түсініктеме береді. Барттың ойынша, интертекстуальділік мәтіннің бастапқы, түпкі қасиеті болып табылады.

Барттың айтуынша: «Мәтін түгелдей цитаталардан, сілтемелерден, жаңғырықтардан тұрады; мұның бәрі ескі де жаңа, мәтін арқылы өтетін және мықты стереофония құрайтын мәдениеттің тілдері. Кез келген мәтін екінші бір мәтінге қатысты аралық мәтін болып табылады. Бірақ бұл интертекстуальділікті (интермәтінділікті) мәтіннің қандай да бір шығу тегі бар деп түсінбеу қажет; «бастаулар» мен «ықпалдарды» іздеудің бәрі шығарманың филиациясы жайлы аңызға сәйкес келеді; мәтін болса анонимді, ұстатпайтын, сонымен қатар, әлдеқашан оқылған цитаталардан, тырнақша белгісізсіз цитаталардан құралады», – дейді.

Мәтін мен шығармадағы автор келбеті

Барт: «Автор өз шығармасының әкесі мен қожайыны деп есептеледі; сондықтан әдебиеттану автордың ашып айтқан ниеті мен қолтаңбасына құрметпен қарауға үйретеді; ал жалпы



қоғам автордың өз шығармасымен байланысын заңды түрде мойындайды... Ары қарай: «Мәтін жаңа типтегі партитураға ұқсайды: ол оқырманның белсенді қатысуын талап етеді. Бұл түбегейлі жаңашылдық – ендеше шығарманы кім жасайды?». Мәтіннің авторы жоқ, бірақ оны өзгерте алатын оқырмандары бар.

Шығарманың әкесі және қожайыны болып табылатын авторы бар. Ал мәтінге келсек, онда авторлық немесе әкелік кепілдікті қажет етпейді. Шығарма жеңіл оқылады, ал мәтін «оқуға ыңғайсыз» болып табылады.

Портсериялық музыканың туындылары сияқты, ол орындалуы оқырманды партитураның бірлескен авторы болуға мәжбүрлейді. Мәтін «эстетикалық өнім емес, тәжірибені білдіреді; құрылым емес құрылымдаудың; объект емес еңбек пен ойынның» көрінісі болып табылады.

Барттың тұжырымдамасындағы оқырман мен мәтін

Шығарма мен оқырманның айырмашылығы оқырманның оларға деген көзқарасы тұрғысынан ерекшеленеді. Оқырман, Р. Барттың айтуынша, тұтынушы емес – олар өнімді тұтынады. Оқырман мәтінмен ойнайды. Бірақ тұтыну мағынасындағы оқу бір бөлек те, мәтінмен ойын мүлде басқа нәрсе. «Ойын» сөзін мұнда оның күллі көпмағыналылығында түсіну керек. Мәтіннің өзі ойнайды, оқырман да ойнайды.

Мәтін, Барттың пайымынша, оқырманға «осында» және «қазір» жүгінеді. Автор «мәтінде – қонақ». Оқырман да «қонақ» болып табылады. Барттың айтуынша, «Мәтін – оқырман тұлғасын шығармаға одан әрі проекцияламай, жазу мен оқуды бір белгілік әрекетте біріктіріп жазу мен оқудың арасындағы қашықтықты жоюға, не кемінде қысқартуға ұмтылуымызды талап етеді».

Барт шығармалар мен мәтіндердің жіктелуіне қарсы болғанымен, оларды «құштарлық мәтіндері» және «ләззат мәтіндері» деп бөледі де, алғашқысына шынайы жазылған жұмыс түрлерін, ал екіншісіне – модернизм мен авангард рухында жазылған қазіргі заманғы шығармаларды жатқызады.

Әрине, шығарма да ләззат сыйлайды: маған Прустты, Флоберді, Бальзакті, тіпті, неге солай қабылдамасқа? Александр Дюманы рақаттанып, қайта-қайта оқи аламын. Алайда бұл рақаттану, оның қарқындылығына қарамастан, тіпті, кемшін тұстарының бәрінен түбегейлі ажыраған күйінде ішінара тұтынушылық, рақаттану болып қала береді: мен бұл авторларды оқи алғаныммен, оларды қайта жаза алмайтынымды білемін; осы мұңды фактіні сезіну мені мұндай шығармалар тудырудан тойтарады және осы тойтарыс менің заманауилығымның кепілі. Ал мәтінге келсек, ол ләззат сезімімен, демек тойтарылу сезімсіз рақаттанумен байланысты. Мәтін мағыналаушының аясында құдды бір әлеуметтік утопияны іске асырады; тарихтың алдына озып, ол әлеуметтік болмаса да, тілдік қатынастарды жақсартады; оның кеңістігінде бірде-бір тіл екінші тілден артық емес және еркін айналыста болады.

Қорытынды

1960 жылдардың аяғында және 1970 жылдардың басында Барт басты назарын мәтін мен жазу мәселесіне аударады. Барттың еңбегі мәтіннің зерттеу стратегиясын референсті талдау-түсінуден коннотативті талдау-оқуға өзгертуінде еді.

Антологияның авторлары Джулия Ривкин мен Майкл Райан Жак Деррида еңбектерінің ықпалы негізінде француз философтарының назары әдеби мәтіндер жүйенің жасырын тәртібін қамтитынын құрылымынан, мәтіндердің, мағынаның үйреншікті түсінігінің шегараларынан асатын семантикалық сілтемелерді қалыптастыруы мәселесіне ауысқандығын атап жазады.

Түпсіз сілтемелілікті шарттылықтарға негізделген орынсыз шешімдер ғана тоқтатуы мүмкін еді. Неге бұлай болды? Өйткені тіл – ешбір айырмашылықтардан бөлек бірдейлікке ие бола алмайтын терминдер арасындағы айырмашылықтар текстурасының арқасында дүниеге келді. Деррида «мәтінділік», не жай ғана «мәтін» деп атайтын нәрсе – осы текстура. Оның «мәтіннің сыртында ештеңе жоқ» деген сөзі әйгілі болып кетті. Сондағы айтпағы, ешкім де



келесі сілтемеге, мағынаның одан арғы таралуына жалғасусыз, ақырғы дегеніне жетті дейтін мағына не сілтеме, болмаса шындық жайлы айта алмайды. Өйткені сол қалпында болу үшін ол өзге әлденеден түбегейлі басқаша болуы керек. Қатынастар біркелкіліктерден басым және қатынастарсыз біркелкілік жоқ.

Бұл көптеген кейінгі ғалымдарға жол ашып, оларға мағынаның әртүрлі қабаттары мен деңгейлеріне әртүрлі ықтимал түсіндірулер/талдаулар жасауына мүмкіндік берді.

Әйгілі жазбаларының бірінде Деррида Руссоның еңбектері, оның өз өміріне ғана емес, сол өмірге қатысты барлық нәрселерді меңзейді деген ой айтты.

Күрделі қарапайымдылық – бұл 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың басындағы, Дерриданың әдебиет теориясындағы «мәтін» тұжырымдамасы Франциядағы Барт секілді жазушыларға ерекше әсер етті.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Неліктен Барт «филологиялық анализдер пәндердің өзара байланысы негізінде жүргізілу керек» деп айтты?
2. Мәтін мен шығарманың айырмашылығы қандай?
3. Барт «мәтінге» қандай түсіктеме береді?
4. Автордың шығарма мен мәтіндегі орны қандай?
5. Барт интертекстуальділікке қандай түсініктеме береді?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Барт Р., Избранные работы: Семиотика: Поэтика: Пер. с фр. / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. – М.: Прогресс, 1989. – С.413-423.
2. Эстетика и теория искусства XX века [Хрестоматия]. – М., Прогресс-Традиция, 2008.
3. Ильин И.П., Постмодернизм: от истоков до конца столетия. – М.: Интрада, 1998.
4. Ильин И.П., Постструктурализм. Деконструктивизм. Постмодернизм. – М., 1996.